

**Tabys мобильді қосымшасы
Қызмет көрсету шарттары**

МАҢЫЗДЫ – СІЗДІҢ ҚОСЫМШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІҢІЗДІ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕЙТІН ОСЫ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫМЕН СІЗ МҰҚИЯТ ТАНЫСЫП ШЫҒУҒА ТИІССІЗ. ОСЫ КЕЛІСІМДЕГІ БАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ҒАНА AIX FM СІЗГЕ ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУГЕ ӘЗІР. ЕГЕР СІЗ БҰЛ ТАЛАПТАРМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, ҚОСЫМШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІККЕ НЕМЕСЕ ОНЫ ӨЗГЕШЕ ПАЙДАЛАНУҒА СІЗГЕ РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ ЖӘНЕ СІЗ ҚОСЫМШАНЫ ДЕРЕУ ЖОЮҒА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ТОҚТАТУҒА ТИІССІЗ.

1. АНЫҚТАМАЛАР

«**АХҚО**» «Астана» халықаралық қаржы орталығын білдіреді;

«**қолданылатын құқық**» немесе «**АХҚО құқығы**» «Астана» халықаралық қаржы орталығының кейінгі өзгерістері ескерілетін Қолданыстағы құқығын білдіреді;

«**AIX FM**», «**біз**», «**бізді**» және «**біздің**» AIX FM Limited (AIX FM) пен бүкіл Мобильді қосымшаның немесе оның бөлігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін тағайындалатын кез келген агенттерді білдіреді;

«**AIX тобы**» AIX FM жататын компаниялар тобының кез келген үлестес тұлғасын білдіреді;

«**Тіркеуші**» «Астана» халықаралық қаржы орталығының Тіркеушісі» жеке компаниясын білдіреді;

«**шот**» Тіркеуші басқаратын бағалы қағаздар тізілімінде сіз үшін құрылған жеке шотты білдіреді;

«**Келісім**» осы Қызметтер көрсету шарттарын білдіреді;

«**биометриялық аутентификаттау**» сіздің жеке тұлғаңызды тексеру үшін сіздің бірегей биологиялық сипаттамаларыңыздың негізінде іске асырылатын процесті білдіреді;

«**жұмыс күні**» кез келген жұмыс күнгі Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:00-ге дейінгі AIX FM трейдингтік объектілері сауда-саттық үшін ашық болатын уақытты білдіреді (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мереке күндерінен басқа);

«**Құрылғы**» Android және IOS қолдайтын операциялық жүйе орнатылған сіздің мобильді телефоныңызды білдіреді;

«**Face ID**» Мобильді қосымшаға кіру үшін сіздің бет әлпетіңізді биометриялық аутентификаттау әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін адамдарды тану жүйесін білдіреді;

«**Қосымша**» кез келген Құрылғыға жүктеп алуға болатын «Tabys» мобильді қосымшасын білдіреді;

«**тапырыс**» бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға және Тіркеушідегі сіздің шотыңыздан оларды тиісінше есептен шығаруға немесе шотыңызға енгізуге сіз Қосымша арқылы берген сұрауды немесе кез келген басқа осы сияқты сұрауларды білдіреді;

«**бағалы қағаз**» АХҚО заңнамасына сәйкес шығарылған акцияны, борыштық міндеттемені, борыштық қолхатты, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді, үлеспұлды білдіреді;

«**Touch ID**» Мобильді қосымшаға кіру үшін сіздің саусақтарыңыздың бедерлерін биометриялық аутентификаттау әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін саусақ бедерлерін тану жүйесін білдіреді;

«**пайдаланушы**», «**сіз**», «**сіздің**» және «**сіздердің**» Қосымшаны жүктеген және оны пайдаланатын жеке тұлғаны білдіреді.

Осы Келісімде тақырыптар тек ыңғайлылық үшін ғана келтірілген және Келісімді түсіндіру немесе интерпретациялау кезінде назарға алынбауы тиіс.

2. КІРІСПЕ

Осы Қосымшаны АХҚО құқығына сәйкес тіркелген AIX FM жеке компаниясы ұсынған. Мобильді қосымша осы Қосымша арқылы бағалы қағаздар сатып алуды немесе осы Қосымша арқылы сатылып алынған бағалы қағаздарды сатуды, сыйға тартуды қалайтын жеке инвесторларға арналған («**Мақсат**»). Осы Келісім сіздің Қосымшаға қолжетімділігіңізді және оны пайдалануды реттейді. Қосымша арқылы бағалы қағаздар сатып алу және сату шарттары Клиенттік келісіммен реттеледі. Сіздің шотыңызда тұрған Бағалы қағаздарды есепке алуды жүргізудің шарттары Тіркеушімен жасалған келісіммен реттеледі.

Сіздің Клиенттік келісіммен, Тіркеушімен жасалған келісіммен, сонымен қатар Құпиялылық саясатымен бірге осы Келісіммен мұқият танысып шығуыңыз керек.

Осы Келісімге қатысты Apple және Google Android талапшарттары мен ережелері және олардың құпиялылық саясаттары қолданылады («**Платформаны пайдалану шарттары**»). Осы Келісім мен Платформаны пайдалану шарттары арасында қайшылық болған жағдайда, осы Келісім басым күшке ие болып табылады.

Құпиялылық және қауіпсіздік

Сіздің дербес деректеріңізді жинауды және өңдеуді біздің қандай мақсаттар үшін жүзеге асыратынымызды және бұл процесті сіздің қалай бақылай алатыныңызды түсінгеніңіз біз үшін маңызды. Бұл біздің Құпиялылық саясатымызда егжей-тегжей түсіндірілген.

Сіздің Құрылғыңыз бен сіз Қосымшаға кіру үшін пайдаланатын құпия деректеріңіз қорғалғандығына көз жеткізуіңіз керек. Егер олар жоғалса, ұрланса, заңсыз меншіктелсе немесе сіздің рұқсатыңызды пайдаланылса, сіз бізге мүмкіндігінше жылдамырақ хабарлауға тиіссіз. Биометриялық аутентификаттау жағдайында, егер сіз Құрылғыда саусақ бедерлерін/бет-әлпетін тіркеген жалғыз адам болсаңыз ғана Touch ID/Face ID қосуыңыз керек. Қауіпсіздік туралы толық ақпаратты осы Келісімнің 6-тармағынан қараңыз.

Міндетті заңды күші бар шарт

Осы Келісім және оның қосымшалары сіз бен AIX FM арасындағы осы Келісім мен оның Мақсатына қатысты міндетті заңды күші бар шартты құрайды және осы Келісімнің нысанасына қолданылатын барлық алдыңғы келісімдерді, уәделерді, сендірулерді, кепілдіктерді, мәлімдемелерді, уағдаластықтарды немесе талапшарттарды алмастырады. АХҚО-ның Шарттар туралы ережелерінің 10-бөлігіне сәйкес (AIFC Contracts Regulations) (Үшінші тараптардың құқықтары), Тіркеушіні қоспағанда, осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын тұлға оның қандай да бір талаптарын мәжбүрлі түрде жүзеге асыруға құқысыз.

Сіз, Қосымшаның пайдаланушысы ретінде осы Келісімге өзіңіздің келісетініңізді растайсыз және Келісімінің барлық қолданылатын ережелері мен талапшарттарын ұстануға келісесіз. Егер сіз осы Келісіммен келіспесеңіз, сіз осы Қосымшаны дереу жоюға және оны пайдалануды тоқтатуға тиіссіз.

Осы Келісімді біздің Құпиялылық саясатымызбен, Тіркеушімен жасалған келісімімізбен және Клиенттік келісімімізбен бірге оқу керек. Бұл Мобильді қосымшаны сіз пайдаланушы ретінде осы Келісімнің ережелеріне сәйкес пайдалануға құқылысыз. Сіз Қосымшаны қандай да бір басқа мақсаттарға пайдаланбауға тиіссіз.

Сіз осы Келісім шеңберіндегі өз құқықтарыңызды басқаға бермеуге тиіссіз. AIX FM өзінің осы Келісім бойынша құқықтары мен міндеттемелерін өзінің үлестес тұлғаларына сіздің келісіміңізсіз беруге құқылы.

Осы Келісімнің түпнұсқасы орыс тілінде жасалды. Егер ол кез келген басқа тілге аударылған болса, орын тіліндегі мәтін басымды күшке ие.

Қосымшаның жұмысын тоқтата тұру

Қосымшаның жұмысын біз шектеулі жағдайларда, мысалы, қауіпсіздік үшін немесе Қосымшаның алаяқтықпен немесе санкцияланбаған түрде пайдаланғанына күдік туған жағдайда, тоқтата тұра аламыз. Біз бұл туралы сізге алдын ала хабарлауға тырысамыз, бірақ негізді себептер болғандықтан, хабарламалардың уақтылы жіберілетінін кепілдендірмейміз. Қосымшаның жұмысы тоқтатыла тұрған жағдайда, Қосымшаның қандай да бір қызметтерінің

тоқтатыла тұруы салдарынан сіздің өтемақы немесе басқа төлемдер алуға құқыңыз болмайды. Қосымша жұмысының тоқтатыла тұруы Тіркеушідегі сіздің бағалы қағаздарыңыз сақтаулы тұрған шотыңызға ешқандай түрде әсер етпейді. Қосымша жұмысының тоқтатыла тұруы туралы толық ақпаратты осы Келісімнің 11-тармағынан қараңыз.

3. ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНУ

- 3.1. Осы арқылы AIX FM сізге Қосымшаны оның Мақсатына сәйкес және тек Құрылғыда, қолданылатын Платформаны пайдалану шарттарымен рұқсат етілгендей және осы Келісімге сәйкес жеке пайдалануға айрықша емес, табысталмайтын және кері шақыртылатын лицензия береді («Пайдаланушы лицензиясы»). Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы сіз осы Келісімді қабылдағаннан кейін басталады және осы Келісімнің 11-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін қоданылады.
- 3.2. Қосымшаға және біздің қызметтерімізге қолжетімділік алған және оларды пайдаланған кезде, сіз:
 - 3.2.1. Қосымшаны немесе оның кез келген бөлігін көшірмеуге немесе табыстамауға, қайта шығармауға;
 - 3.2.2. Қосымшаны немесе оның кез келген бөлігін өзгертпеуге, модификацияламауға немесе бейімдемеуге;
 - 3.2.3. Қосымшадағы авторлық құқықтар туралы кез келген ақпаратты жоймауға немесе қолдан жасамауға;
 - 3.2.4. Өзіңізді қандай да бір басқа адамның орнында көрсетпеуге немесе ойдан шығарылған атты пайдаланбауға, не болмаса жалған тұлға немесе электрондық пошта құрмауға, не болмаса сәйкестендіруге немесе Қосымшаны пайдалану кезінде берілетін кез келген өзге де ақпарат пен фактілерге қатысты басқаларды жаңылыстырмауға;
 - 3.2.5. Құрылғыда сақтаулы деректерді кімнің де болмасын иелігіне немесе қолжетімділігіне бермеуге;
 - 3.2.6. Бағдарламалық жасақтама бар файлдарды немесе сізге тиесілі емес немесе сіздің оларға тиісті рұқсатыңыз жоқ басқа да материалдарды, деректерді немесе мәліметтерді бермеуге немесе жүктемеуге, не болмаса басқа тұлғалар туралы ақпаратты олардан алдын ала рұқсат алусыз жинамауға;
 - 3.2.7. Қосымшаның жұмысына зиян келтірмеуге, араласпауға немесе Қосымшаға қолжетімділікті бұзбауға немесе оның функцияларын бұзуы немесе нашарлатуы мүмкін қандай да бір әрекеттер істемеуге;
 - 3.2.8. Қосымша арқылы бағалы қағаздар сатуды немесе сатып алуды қоспағанда, Қосымшаны коммерциялық немесе іскерлік мақсаттарда пайдаланбауға немесе Қосымшаны қайта сатпауға немесе Қосымшаның кез келген бөлігінен немесе аспектісінен коммерциялық пайда алмауға;

- 3.2.9. Абырой мен қадір-қасиетке кір келтіретін, авторлық құқықтарды бұзатын, тіз тигізетін, бейпіл, әдепсіз сипаттағы материалдарды немесе мәліметтерді не болмаса басқа да заңсыз немесе қажетсіз материалдарды немесе мәліметтерді жарияламауға, орналастырмауға, таратпауға немесе өзге түрде табыстамауға;
 - 3.2.10. Басқаларға сес көрсетпеуге, олардың ізіне түспеуге немесе олардың құқықтарын өзге түрде бұзбауға (жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын қоса);
 - 3.2.11. Вирустар, қателіктер, бүлінген деректер бар кез келген материалдарды немесе файлдарды, «троян аттарын», желілік құрттарды немесе кез келген басқа зиянды бағдарламалық жасақтаманы ұсынбауға, жүктемеуге немесе таратпауға;
 - 3.2.12. бағдарламалық жасақтамаға ақиқат меншік құқығын немесе Қосымша арқылы қолжетімді файлдардың ішіндегі басқа материалдарды немесе ақпаратты бұрмаламауға; сонымен қатар Қосымшаға, басқа сервистерге, компьютерлік жүйелерге немесе біздің желілерімізге санкцияланбаған қолжетімділік алмауға немесе алуға тырыспауға келісесіз.
- 3.3. Сіз:
- 3.3.1. Сіз Қосымшаны оның Мақсаттары үшін пайдалануға құқықтық қабілетті екеніңізді;
 - 3.3.2. Сіз Қосымшада көрсеткен ақпараттың шынайы, толық және дәл екенін және жаңылыстырмайтын және мәліметтердегі кез келген өзгерістер туралы бірден хабарлауға келісетініңізді, олардың қатарына өзгелерден басқа, толық аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, банктің немесе шоттың деректемелері немесе біз негізде түрде сұратқан кез келген басқа ақпарат, егер біз талап етсек, тиісті растаушы құжаттары беріле отырып, кіруі мүмкін;
 - 3.3.3. Қосымшаны пайдалану мақсатында сіз өз атыңыздан әрекет ететініңізді және үшінші тұлғалардың атынан өкілдік етпейтініңізді;
 - 3.3.4. Қосымшаны пайдалану үшін сізге қолданылатын заңнамаға сәйкес қажет етілетін рұқсаттар мен келісімдердің тиісті түрде алынғанын, қолданыста екенін және кері шақырылмағанын немесе күші жойылмағанын;
 - 3.3.5. Қосымшаны пайдалану үшін, сонымен қатар сіздің тиісті міндеттемелерді орындауыңыз үшін талап етілетін барлық іс-әрекеттерді қабылдағаныңызды және қабылдауға міндеттенетініңізді;
 - 3.3.6. Қосымшаны пайдалану қандай да бір қолданылатын заңнаманы бұзушылық болып табылмайтынын және бұзуға әкелмейтінін;
 - 3.3.7. Барлық талаптарды сіздің оқып шықаныңызды және қабылдайтыныңызды және осы Келісімде, Клиенттік келісімде, Құпиялылық саясатында және Тіркеушімен жасалған келісімде көрсетілген барлық міндеттемелерді орындауға міндеттенетініңізді куәландырасыз және оған кепіл боласыз.

- 3.4. Сізге контентті Қосымша экраны арқылы жүктеп алуға, басып шығаруға, уақытша сақтауға, алуға және көрсетуге, сонымен қатар мұндай беттерді электрондық форматта Құрылғының сақтау орнында (бірақ желіге қосылған қандай да бір серверде немесе басқа сақтау құрылғысында емес) жеке пайдалану үшін сақтауға рұқсат етіледі. Бұл ретте сіз Қосымша экраны арқылы жүктелетін, басып шығарылатын немесе алынатын деректердің олар жүктелген, басып шығарылған немесе алынған күн мен уақыттағы жағдайды көрсететінін және дәл осы уақыт үшін қолданылатынын білуіңіз тиіс. Дәл осылай, тасымалдағышта сақталған деректер де файл белгіленген уақыттағы жағдайды көретеді.
- 3.5. Жеке тұлғаның жүктеуіне және көшіруіне берілген рұқсат мұндай материалды немесе оның кез келген бөлігін кез келген жұмысқа немесе кез келген нысандағы жарияланымға қосуға мүмкіндік бермейді.

Тіркеу процесі

- 3.6. Бағалы қағаздармен онлайн-трейдингке және шоттың деректеріне қолжетімділік тек тіркеу процесі сәтті аяқталғаннан кейін және аутентификаттау процесінен толық өткен жағдайда ғана беріледі. Сіз тіркеу кезінде біздің биометриялық аутентификаттауды пайдалануымыз мүмкін екенімен келісесіз. Біз тіркеу процесінің сіз онлайн-өтінім берген күні аяқталатынын кепілдендірмейміз, өйткені сіздің өтініміңіз бен бізге берген деректеріңізді тексеруіміз үшін бізге қосымша уақыт керек. Тіркеу процесінің сәтті аяқталғаны туралы сіз хабарлама аласыз.
- 3.7. Тіркеу процесі сәтті аяқталғаннан кейін Қосымшаның қызметтеріне қолжетімділік берілетін болады, ал Тіркеушідегі шотыңыз сіз үшін сіздің барлық бағалы қағаздарыңыз бен транзакцияларыңызды Тіркеушімен жасалған келісімге сәйкес сепке алуды жүргізу үшін ашылады және Тіркеушіде шот ашуға арналған өтінім мен өтініш сіздің барлық басқа да тапсырыстарыңыз, тапсырмаларыңыз бен хабарламаларыңыз сияқты, Қосымша арқылы жіберілетінімен сіз келісесіз. Сіз сонымен қатар АІХ FM-ның сіздің Тіркеушіге жолданған деректеріңізге қолжетімділігі болатынына және оларды пайдалануы мүмкін екеніне келісесіз.
- 3.8. Қосымшаға кіру үшін, сіздің өзіңіздің пайдаланушы атыңызды және Қосымша сұратқан басқа жасырын ақпаратыңызды енгізуіңіз және, егер ол қолжетімді болса, биометриялық аутентификаттауды пайдалануыңыз керек болады. Біз Қосымшаны пайдалануға арналған құпия ақпаратқа қойылатын талаптардың өзгерістерін сізге ауық-ауық хабарлап тұрамыз.

4. АЛЫМДАР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР

- 4.1. Біз Қосымшаны пайдалану үшін және АІХ FM мен Тіркеуші көрсететін қызметтер үшін сізден ақы алуымыз мүмкін және мұндай алымдарды төлеу қажеттілігі туындаған кезде, біз сізге хабарлаймыз.
- 4.2. Сіз барлық комиссияларды, алымдарды, салықтарды және сізге қолданылатын басқа да алымдарды төлеуге тиіссіз. Біз мұндай барлық алымдарды, комиссияларды өзгерту және сіздің банк картаңыздан алдын ала келіусіз тиісілі сомаларды есептен шығару құқығын өзімізге қалдырамыз. Бұдан басқа, процессингтік қызметтерді жеткізушіні қоса, сіздің банкіңіз, кез келген қызметтер жеткізуші бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар үшін өздерінің ішкі қағидаларына сәйкес сізден ақы ала алады. Осы және басқа бөгде алымдар үшін, сонымен қатар осы Қосымшаға қолжетімділік, оны пайдалану және онлайн-транзакциялар орындау үшін алынатын кез келген қолданылатын алымдарды тексеру үшін сіз жекеше жауапкершілікте боласыз. Кез келген осындай төлемдерді орындамау Келісімді бұзу болып табылады, бұл ретте АІХ FM кез келген құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарын (шартқа сәйкес немесе өзге түрде қарастырылған) қолдануға құқылы.
- 4.3. АІХ FM сіздің төлемдерді, алымдарды төлемеуіңіздің салдарынан АІХ FM-нің құқықтық қорғау құқықтарын немесе құралдарын қолдануы нәтижесінде туындаған қандай да бір жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін (өзгелерден басқа, күтілетін пайданы немесе деректерді жоғалтуды қоса) ешбір жағдайда жауапкершілік алмайды. АІХ FM сіз жасауыңыз керек төлемдерді, алымдарды төлеу құқығын өзіне қалдырады, ал сіз мұндай төлемдерге сөзсіз және саналы түрдегі өз келісіміңізді бересіз.

5. МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

- 5.1. Мобильді қосымша қызметтерін ұсыну үшін біздің орынды күш салатынымызға қарамастан, біз Қосымшаның сервистеріне қолжетімділік ұсынудың мүмкінсіздігі үшін немесе біздің бақылауымыздан тысқары, оларды болдырмауға салынған күштерге қарамастан кез келген жағдайда орын алатын төтенше және күтпеген мән-жайлар себебінен осы Келісімнің талапшарттарының жартылай немесе толық сақталмауы үшін жауап бермейміз. Бұған, өзгелерден басқа, мобильді желінің немесе интернеттің жаңылыстары кіреді. Біз бағалы қағаздармен операциялар орындауға қатысты банктердің немесе басқа үшінші тараптардың қандай да бір жаңылыстары, іс-әрекеттері немесе қапылықтары үшін жауапкершілік алмаймыз.
- 5.2. Қосымша бастапқы түрінде, оның функцияларына қатысты қандай да бір куәландыруларсыз, кепілдіктерсіз немесе келісімдерсіз ұсынылады. Біз сіздің Құрылғыңызға қандай да бір вирустар немесе басқа да жұқтырғыш немесе зиянкес қасиеттер/объектілер берілмейтінін немесе сіздің

- Құрылғыңыз бүлінбейтінін кепілдендіре алмаймыз. Сіз осының нәтижесінде көтеруіңіз мүмкін залалдар үшін біз жауапкершілік алмаймыз.
- 5.3. АІХ FM Қосымшаның немесе оның ішіндегінің шынайылығын, дәлдігін, сенімділігін немесе қолжетімділігін кепілдендірмейді және оларға қатысты қандай да бір мәлімдемелер бермейді.
 - 5.4. Қолданылатын құқықпен рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде, АІХ FM осы арқылы Қосымшаның сапасы қанағаттанарлық, құқықтарды бұзбайтыны, ақаулықтары жоқтығы, тұрақты негізде жұмыс істей алатыны және сіз осы Қосымша арқылы беретін кез келген ақпараттың сәтті, дәл немесе қауіпсіз табысталатыны туралы кез келген уәделер мен кепілдіктерді қоса, айқын білдірілген немесе тұспалданған уәделер мен кепілдіктердің барлығын жояды.
 - 5.5. Қосымшада басқа тәуелсіз бөгде веб-сайттарға (Бөгде веб-сайттарға) сілтемелер бар болуы мүмкін. Бөгде веб-сайттар біздің бақылауымызда емес, сондықтан біз олардың контенттерінің дұрыстығы немесе олардың құпиялылық саясаттары (егер ондай бар болса) үшін жауапкершілік алмаймыз және кепіл болмаймыз. Сіздің кез келген Бөгде веб-сайттармен өзара әрекеттеріңізге қатысты, олар арқылы қолжетімді кез келген өнімдерді немесе қызметтерді сатып алуды қоса, өзіңіздің кез келген тәуелсіз шешіміңізді қабылдауыңыз қажет болады.
 - 5.6. Біз ақпараттық технологияларды қорғау әдістерінің және қосымшаларды қорғау әдістерінің көмегімен Қосымшаның және оның деректерінің қауіпсіздігін, құпиялылығын және тұтастығын қорғау үшін барынша орынды күш саламыз.

6. ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіздікке қатысты сіздің міндеттемелеріңіз

- 6.1. Сіз Құрылғыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және сіздің Құрылғыңыздың және құпия ақпараттың алаяқтықпен пайдаланылуын болдырмау үшін барлық орынды шараларды қабылдауға тиіссіз. Бұл сақтық шараларына мыналар кіреді:
 - Сіздің құпия деректеріңізді басқа біреу түсінетіндей түрде жазбау немесе өзге түрде жазып көрсетпеу;
 - Жүйеге кіру үшін пайдаланылатын құпия деректерді оңай тауып алуға болатындай етіп таңдамау;
 - Қосымшаға кіру үшін пайдаланған кезде сіздің құпия деректеріңізді ешкімнің естімеуін және көрмеуін қадағалаңыз;
 - Қосымшаға кіру үшін Қосымшаға бірегей құпия деректер таңдау;
 - Сіздің құпия деректеріңізді кімге де болсын, оның ішінде бізге де, ашып көрсетпеу;
 - Егер сіздің құпия деректеріңізді тағы біреу білетінін білсеңіз немесе біледі деп күдіктенсеңіз немесе егер біз сізден оларды өзгертуді сұрасақ, профильге кіру үшін пайдаланылатын құпия деректеріңізді

дереу өзгертіп, 6.8-тармаққа сәйкес бұл туралы бізге мүмкіндігінше жылдамырақ хабарлаңыз;

- Сіздің құпия деректеріңіз бен Құрылғыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын сіздің құпия деректеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты біз берген барлық орынды нұсқауларды орындау;
- Қосымшаға кіргеннен кейін өз Құрылғыңызды қараусыз қалдырмау және сіздің Құрылғыңызды кімнің де болсын пайдалануына мүмкіндік бермеу;
- Қосымша сервистерін пайдалануды аяқтағаннан соң Қосымшадан шығу (log-out) және, соның ішінде, Қосымшаны фондық режимде (logged in режимінде) жұмыс істеп тұрған қалпында қалдырмау (мысалы, көп міндеттілік режимінде немесе басқа қосымшаларды іске қосқан кезде);
- Сіздің Құрылғыңыздың операциялық жүйесін өндіруші сізге ұсынған, Мобильді қосымшаны пайдалану үшін сіз қолданатын барлық қауіпсіздік шараларын сақтау (алайда жүйеге кіру үшін пайдаланылатын құпия деректеріңізді немесе өзіңіздің біздегі шотыңыз туралы ақпаратты сіз оларға ешқашан ашпауыңыз керек болғанымен);
- Құрылғыны вирустарға немесе басқа зиянкес объектілерге/қасиеттерге қатысты сканерлеу үшін орынды және жеткілікті шаралар қабылдау;
- Егер сіз Қосымшаға кіру үшін сіздің саусақ бедерлеріңізді пайдалануға/бет әлпетіңізді тануға мүмкіндік беретін Touch ID/Face ID функциясын (тек үйлесімді Құрылғылар үшін) белсендірсеңіз, Құрылғыда тек сіздің ғана саусақ бедерлеріңіз/бет әлпетіңіз тіркелгеніне көз жеткізуге тиіссіз және егер сіз өз Құрылғыңыз бен Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректеріңізді сақтап қала алмасаңыз немесе егер Құрылғыда тек сіздің ғана саусақ бедерлеріңіз/бет әлпетіңіз тіркелмеген болса және сіз бұған қоса кіруді саусақ бедерлері/бет әлпет тану бойынша белсендірсеңіз, онда Қосымшада сіздің атыңыздан жасалған санкцияланбаған транзакциялар мен төлемдер үшін сіз жауапкершілік аласыз.

6.2. Сіз Қосымшаны Операциялық жүйенің немесе Құрылғының өндірушілері қолдайтын немесе кепілдендіретін конфигурациялардың шеңберінен тыс өзгертілген қандай да бір Құрылғыда немесе операциялық жүйеде қолданбауға тиіссіз. Бұған «бұзып ашылған» немесе рутинг процесінен өткен Құрылғылар кіреді. «Бұзып ашылған» немесе «рутингтелген» Құрылғы дегеніміз оған Құрылғының немесе операциялық жүйенің өндірушісі салған шектеулерден олардың келісімінсіз босатылған құрылғыны білдіреді.

6.3. Бастапқы тіркеуден кейін біз Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын сіздің құпия деректеріңізді толық ашу туралы ЕШҚАШАН сұрау жолдамаймыз (немесе басқалардан мұны біздің атымыздан істеуді сұрамаймыз).

- 6.4. Сізбен байланыс әлеуметтік инженерия шабуылдарына қарсы тұра алатын форматта болады.
- 6.5. Біз сізден құпия сөздерді сұрамаймыз және сізге қауіпсіздікпен байланысты сілтемелерге өтуді ұсынбаймыз. Егер сіз кімнен болмасын қандай да бір осындай сұрау алсаңыз (тіпті олар біздің атымыз бен логотипімізді пайдаланса да және төлнұсқа болып көрінсе де), онда мұндай сұрау алдау және алаяқтық болып табылады және сіз өзіңіздің құпия деректеріңізді оларға ешбір жағдайларда да бермеуіңіз керек. Бұдан басқа, сіз кез келген мұндай сұраулар туралы дереу бізге хабарлауыңыз керек.
- 6.6. Қосымшадағы Қосымшаға кірген мезеттен бастап Қосымшадан шыққан мезетке дейінгі кезеңде сіздің Құрылғыңыз берген барлық тапсырыстар, нұсқаулықтар мен хабарламалар үшін сіз жауап бересіз.
- 6.7. Сіздің Құрылғыңызда көрсетілетін немесе сақтаулы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сіз жауапкершілік аласыз.

Егер қауіпсіздікті бұзу орын алса, не істеу керек??

- 6.8. Егер сіздің Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректеріңізді басқа біреу білетінін немесе оларды біреудің пайдаланғанын немесе пайдалануға тырысқанын білсеңіз немесе соған күдіктенсеңіз немесе сіздің Құрылғыңыз жоғалтылса немесе ұрланса, сіз tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша электронды хат жолдап, бізге бұл туралы дереу хабарлауыңыз керек.
- 6.9. Егер сіздің Құрылғыңыз қандай да бір түрде бұзылып ашылса немесе Қосымша деректерінің жылыстауы орын алса, сіз толық мән-жайды tabys@tabysapp.kz электронды поштасы бойынша дереу хабарлауыңыз керек.

7. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

- 7.1. АІХ Тобы осы Қосымшадағы бүкіл контентке авторлық құқықтың және, өзгеден басқа, барлық патенттерді, деректер базасына құқықтарды, тауарлық белгілерді, саудалық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, сервистердің атауларын, компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы (бастапқы кодтарды қоса), эскиздерді, домендік атауларды, Қосымшаға қатысты пайдаланылатын логотиптерді, атаулар мен графикалық бейнелерді және сызбаларды, өнеркәсіптік модельдерді, өнертабыстарды, ноу-хауды, коммерциялық құпияларды және тіркелген және тіркелмеген, әлемнің кез келген түкпірінде бар, қазірде белгілі немесе келешекте жасалатын кез келген сипаттағы барлық басқа құқықтарды қоса (бірлесіп «АІХ Тобының зияткерлік меншігі» аталады), АІХ Тобының барлық басқа зияткерлік меншік құқығының иесі болып табылады. Қосымшаға меншік құқығының барлығы АІХ тобына тиесілі.
- 7.2. Зияткерлік меншіктің басқа құқықтары, өзгеден басқа, Қосымшаға қатысты пайдаланылатын тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін,

логотиптер мен атауларды қоса, олардың тиісті иелерінің зияткерлік меншігі болып табылады (бірлесіп «Үшінші тараптардың зияткерлік меншігі» аталады).

- 7.3. АІХ Тобының зияткерлік меншігі мен Үшінші тараптардың зияткерлік меншігі АІХ Тобының немесе зияткерлік меншіктің тиісті иесінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз толық немесе жартылай көшіріле, имитациялана немесе пайдаланыла алмайды. Қосымшада ұсынылған қосымша мен контент авторлық құқықпен, тауарлық белгімен, патентпен және басқа зияткерлік меншік құқықтарымен, сонымен қатар АІХ Тобына және оның лицензиарларына тиесілі жеке меншік құқықтарымен қорғалған.

8. АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

- 8.1. Қосымшаны немесе оның мазмұнын қандай да бір жағдай бойынша консультацияның орнына жүреді деп қарастырмау керек. Қосымшадағы кез келген ақпаратқа байланысты қандай да бір іс-әрекеттер орындамас бұрын немесе олардан тартынбас бұрын сіздің тиісті консультация алу үшін өтініш жасауыңыз керек. **ҚОСЫМШАНЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫН КЕЗ КЕЛГЕН КӘСІБИ КОНСУЛЬТАЦИЯНЫҢ НЕМЕСЕ КЕҢЕСТІҢ ОРНЫНА ЖҮРЕДІ ДЕП ҚАРАСТЫРМАУ КЕРЕК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНЫНА ПАЙДАЛАНБАУ КЕРЕК.**

9. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ

- 9.1. АІХ FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері пайдаланушының немесе бағалы қағаздар эмитентінің АІХ FM компаниясы осы Келісімнің талапшарттарын орындауы кезінде туындаған қандай да бір міндеттемелері үшін жауапкершілік алмайды.
- 9.2. Осы Келісім қандай да бір бірлескен жауапкершілікке әкелмейді және оны қарастырмайды және сіз өзіңіздің міндеттемелеріңіз бен осы Келісімге сәйкес сіздің атыңыздан АІХ FM жасаған іс-әрекеттер үшін жекеше жауапкершілікте боласыз.
- 9.3. Осы Келісімдегі ешнәрсе бізді салғырттық, алаяқтық үшін жауапкершіліктен немесе кез келген басқа жауапкершіліктен заңға сәйкес босатылмайтын немесе шектелмейтін шамада босатпайды және жауапкершілігімізді шектемейді.
- 9.4. Қолданылатын заңнамада рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде, қандай да блмасын жағдайларда АІХ FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері Қосымшаны пайдалануға қатысты сіздің алдыңызда жауапкершілікте болмайды және/немесе, өзгеден басқа, беделді жоғалтудан, пайданы жіберіп алудан немесе кез келген жоғалтудан, ұрлықтан немесе сіздің ақпаратыңыздың бұрмалануынан, Қосымшаны пайдалану мүмкінсіздігінен, Құрылғының жаңылысынан, жөндемсіздік салдарынан болған залалдарды қоса, кез

келген тікелей, жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін сіздің алдыңызда жауапкершілікте болмайды.

9.5. АІХ FM және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері, тіпті оларға, өзгеден басқа, қатеден, қапылықтан, арасын үзуден, ақаулықтан, орындамаудан, санкцияланбаған пайдаланудан, жұмыстағы немесе берудің кешіктірілуінен, желінің жаңылысынан, компьютерлік вирустан, құрт-бағдарламадан, «троян атынан» немесе басқа түрдегі зиян мен бүлінулерден туындаған залалдарды қоса, мұндай залалдың мүмкін екендігі туралы хабарланса да, жауапкершілікте болмайды.

10. ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ КЕПІЛДІГІ

10.1. Сіздің қосымшаға қолжетімділігіңіздің және оны пайдалануыңыздың талапшарты ретінде сіз залалды өтеуге және АІХ FM мен оның үлестес тұлғаларын, директорларын, мердігерлерін, қызметкерлерін, агенттерін және бөгде өнім берушілерін кез келген наразылықтардан, залалдардан және міндеттемелерден, шығыстардан, сот шешімдерінен, айыппұлдардан, сот процестерінен, сіздің Қосымшаға, біз көрсететін қызметтерге қолжетімділігіңіздің немесе оны пайдалануыңыздың нәтижесінде немесе осы Келісімге байланысты тікелей немесе жанама түрде туындайтын зиян мен шығыстардан (өзгеден басқа, сот шығыстарын және заңгерлік шығыстарды қоса) босатуға келісесіз.

11. ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУДЫ ТОҚТАТУ

11.1. Сіз төменде көрсетілген талаптарды сақтай отырып, Қосымшада «Жабу» батырмасын басып, өзіңіздің шотыңызды жаба аласыз:

- Сіздің шотыңызда бағалы қағаздар жоқ; және
- Сіздің шотыңыз бұғатталмаған; және
- Сіздің шотыңызда кейінге қалдырылған немесе аяқталмаған тапсырыстар жоқ.
- Барлық алымдар мен комиссиялар тиісінше түрде төленген.

Егер жоғарыда тізілген талаптар сақталса, Тіркеушімен жасалған Келісімге сәйкес Тіркеуші сіздің шотыңызды жабады да, Қосымша бұл туралы сізге хабарлайды. Бұл жағдайда сіздегі Пайдаланушы лицензиясының және осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған болып саналады және сіз өзіңіздің құрылғыңыздан Мобильді қосымшаны дереу алып тастауға тиіссіз.

11.2. Егер, өзгеден басқа, төменде көрсетілгендерді қоса, сіз осы Келісімнің Тіркеушімен жасалған Келісімнің немесе Клиенттік келісімнің шарттарынеелеулі түрде және үнемі бұзсаңыз, біз Пайдаланушы лицензиясының қолданылуын дереу тоқтата тұра аламыз немесе тоқтата аламыз:

- Сіздің шотыңызды немесе біздің қызметтерімізді заңсыз пайдалансаңыз немесе пайдаланады деп біз негізді түрде болжасақ немесе біреуге пайдалануға рұқсат етсеңіз;
- Сіздің шотыңыз және Қосымша заңсыз мақсат үшін пайдаланылады деп біз негізді түрде болжасақ;
- Сіз алдау жолымен әрекет жасайсыз немесе алдау жолымен әрекет жасайды деп біз негізді түрде болжасақ;
- Осы Қосымшаны жүктеуге және пайдалануға сіздің құқығыңыз болған жоқ; немесе
- Егер біз Қосымшада немесе шотта, өзгеден басқа, біздің серверге шабуылды, санкцияланбаған қайта басып шығаруды немесе біз қауіпті деп санайтын кез келген басқа да іс-әрекеттерді қоса, кейбір күдікті іс-әрекеттер жасалып жатқанын айқындасақ;
- Сіздің Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректеріңізді санкцияланбаған немесе алаяқтықпен пайдалану орын алды деп болжауға біздің орынды негіздеріміз бар болса;
- Егер біз Қосымшаны сіздің Құрылғыңызда немесе ол жұмыс істейтін операциялық жүйеде қолдауды тоқтатсақ;
- Егер сіз оларға қатысты Мобильді қосымшаны пайдалануға болатын шотқа иелік етуді, өнімдерді немесе қызметтерді пайдалануды 6 ай бойы тоқтатсаңыз.

11.3. Біз Пайдаланушы лицензиясы тоқтатыла тұрғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін сізге дереу хабарлаймыз. Бұл SMS, Қосымшаға кірердегі хабарлама, электронды пошта, қорғалған электрондық хабарлама немесе жеке тәртіпте хабарлаудың кез келген басқа тәсілі болуы мүмкін.

11.4. Біз осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуын кез келген басқа себеп бойынша, сізге хабарлама жіберіп, тоқтата тұра аламыз немесе тоқтата аламыз. Бұл, мысалы, сіз Тіркеушімен жасалған келісімді және/немесе Клиенттік келісімді немесе осы Қосымшаның Мақсатымен байланысты басқа тиісті құжатты бұзған жағдайда немесе біз Қосымшаны алмастырған жағдайда орын алуы мүмкін.

11.5. Пайдаланушы лицензиясының немесе Қосымшаның қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайда қосымшаның қандай да бір қызметтерін ұсыну аяқталғаннан кейін қандай да бір өтемақыға немесе басқа төлемге сіздің құқыңыз болмайды және біз бұл үшін жауапкершілік алмаймыз.

11.6. Пайдаланушы лицензиясының немесе Қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату Тіркеушідегі сіздің бағалы қағаздарыңыз сақтаулы тұрған шотыңызға ешқандай әсер етпейді. Бұл жағдайда сіз Тіркеушімен тікелей байланыса аласыз.

11.7. Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы кез келген себеп бойынша тоқтатылғаннан кейін осы Келісім бұзылған болып саналады және сіз Қосымшаны өзіңіздің Құрылғыңыздан алып тастауға және Қосымшаның барлық көшірмелерін, оның сізде бар барлық компоненттермен қоса, жоюға тиіссіз.

11.8. Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы кез келген себеп бойынша тоқтатылғаннан кейін Қосымшаға қатысты сіздің барлық құқықтарыңыздың қолданылуы бірден тоқтатылады.

12. ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

12.1. Біз кез келген хабарлама мен ескертпелерді сіз берген телефоныңыздың нөміріне, электронды поштаңызға, пошталық мекенжайға немесе кез келген басқа тәсілдермен жолдай аламыз. Біз сонымен қатар хабарламалар мен ескертпелерді Қосымшада жариялауымыз мүмкін. Хабарламалар мен ескертпелер оларды біз жібергенде, сіздің қараған-қарамағаныңызға байланыссыз, сізге жеткізілген болып саналады.

12.2. Сіздің құжаттар мен тапсырыстарды қол қою жәе онлайн растауыңыз сіз оларға қолыңызды қолмен қойғаныңыз сияқты сізді заңды түрде тежейтіндігімен сіз келісесіз. Осы Келісімнің және онда аталған басқа да құжаттардың электрондық нұсқаларын пайдалану олардың сізге жазбаша түрде берілуі тиістігі туралы кез келген талапты толығымен қанағаттандырады. Сіз бізбен істерді электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүргізуге келісесіз.

13. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

13.1. Осы Келісім АХҚО құқығына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

13.2. Егер осы Келісімнің шеңберінде қандай да бір дау туындаса, пайдаланушы мен АІХ FM дауларды сотқа жүгінусіз 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

13.3. Егер пайдаланушы мен АІХ FM келісімге келмесе, пайдаланушы мен АІХ FM арасындағы осы Келісімге сәйкес немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау, соның ішінде оның бар болуына, шынайылығына немесе оны бұзуға қатысты кез келген мәселе алдымен АХҚО-ның Халықаралық төрелік орталығына («ХТО») Төрелік және Медиация қағидаларына сәйкес сотқа дейінгі реттеу үшін беріле алады. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының Ережелері мен Қағидаларына сәйкес АХҚО Сотына қарауға беріледі және түпкілікті шешіледі және сіз кез келген дауларды шешу үшін АХҚО Сотының айрықша юрисдикциясына бағынасыз.

13.4. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі (немесе ережесінің бөлігі) қандай да бір сотпен немесе құзыретті юрисдикцияның әкімшілік органымен қолданылмайтын, орындалмайтын, заңсыз, заңды күші жоқ немесе жоққа шығаруға жататын деп танылса, онда мұндай ереже немесе талапшарт заңмен рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде қолданылуы жалғасатын қалған ережелер мен талапшарттардан бөлінеді немесе осы Келісімнің қалған бөлігі қолданылатын және орындалатын болатындай түрде өзгертіледі.

- 13.5. Үшінші тараптардың кез келген наразылықтарын қорғауды және реттеуді бақылау құқығын АІХ Тобы өзіне қалдырады, бұл ретте сіз осындай құқықтарды іске асыруда АІХ Тобына көмектесетін болсасыз.
- 13.6. Залалдарды өтеу осы Келісім талаптарын кейбір бұзулардан құқықтық қорғаудың өз алдына тиісті құралы бола алмайтынын сіз растайсыз және онымен келісесіз. Осылайша, осы Келісімнің талапшарттарын бұзу қаупі немесе олардың іс жүзінде бұзылуы жағдайында, соттың тыйым салуы, міндеттемені заттай орындау түріндегі соттың қорғау құралдарына немесе құқықтық қорғаудың өзге құралына біздің құқымыз бар болады.

14. КЕЛІСІМДІ ӨЗГЕРТУ

- 14.1. Біз заңнамадағы немесе озық іс-тәжірибедегі өзгерістерді көрсету немесе біз ендіріп жатқан қосымша функцияларды немесе басқа мақсаттар үшін осы Келісімге кез келген уақытта алдын ала ескертусіз және келісімсіз өзгерістер енгізе аламыз. Біз енгізген кез келген өзгерістерді біліп отыру үшін сіз осы Келісімді үнемі тексеріп тұруға міндеттісіз. Егер сіз осы Қосымшаға кіруді және оны пайдалануды жалғастырсаңыз, онда сіз мұндай өзгерістерді қабылдадыңыз және жаңартылған Келісімді сақтауға келісесіз деп саналады. Егер сіз мұндай өзгерістермен келіспесеңіз, сіз Қосымшаны дереу алып тастауға және оны пайдалануды тоқтауға тиіссіз.

15. ҚОСЫМШАНЫ ЖАҢАРТУ

- 15.1. Біз өнімділікті жоғарылату, функцияларды жақсарту, операциялық жүйедегі өзгерістерді түсіру немесе қауіпсіздік проблемаларын шешу үшін Қосымшаны автоматты түрде ауық-ауық жаңарта және өзгерте аламыз. Немесе біз сізден осы себептер бойынша Қосымшаны жаңартуды өтінуіміз мүмкін.
- 15.2. Егер сіз мұндай жаңартуларды орнатпау туралы шешім қабылдасаңыз немесе егер сіз автоматты жаңартулардан бас тартсаңыз, сіз Қосымшаны және оның қызметтерін пайдалануды жалғастыра алмайсыз.

Бізбен байланысыңыз

Егер біздің Қосымшамызға қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз бар болса, бізге tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша жазуыңызға болады.